

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.20 16:51

Регистрационный номер

19228

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.20 16:51

Код и наименование специальности:

02120100 Интерьер дизайны

Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W02120101 Көркем-дизайнерлік жұмыстарды орындаушы

Регион:

Түркістан облысы

Организация ТИППО (Разработчик):

" Түркістан индустриалды-құрылыс колледж" МКҚК

Партнеры-разработчики:

"DALA CONSTRUCTION.KZ" ЖШС, "Биекеев" ЖК, Шымкент қ.

Цель ОП:

Мамандық бойынша білім беретін оқу бағдарламаларын игеру нәтижесінде білім алушылар мамандықтың біліктілік деңгейлеріне тиісті базалық және кәсіптік құзыреттерді игеруі. Әр түрлі техникада интерьер нобайларын орындауды, эргономиканы, түстік колорларды қолдана отырып дизайн-жобаны жасап шығаруды, интерьерде заманауи құрылымдарды қолдануын; материалдардан жобалар жасап шығаруын игеріп шығу.

Уровень по НРК:

3

Уровень по ОРК:

3

Профессиональный стандарт (при наличии):

"Графикалық және мультимедиялық дизайнды" кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 24 желтоқсан 2019 жылғы №259 бұйрығына №26 қосымша

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

Кескіндеме және сәндік жұмыстар (22 Painting and Decorating).

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

120

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

21.04.2021 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

К Z08LAA00014413

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

010

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

26.12.2019 ж.

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

| № модуля/дисциплины | Наименование | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---------------------|--------------------|--|----------------------|
| | ЖБП 1. Математика | Функцияны зерттеу және графигін салу үшін функция ұғымы, функция түрлері туралы түсініктерін сипаттап, алгебралық өрнектерді түрлендіре отырып, «Алмастырулар», «Орналастырулар», «Терулер» ұғымдарын ажырату, комбинация түрлерін анықтай отырып, білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамытады. | 8/192 |
| | ЖБП 2. Информатика | Бұлтты технологияны қолдану, дизайн теориясын білу, сайт құрастырушысында Веб-жобалау жасау, 3 D- модельдеуде жұмыс жасау, Blockchain технологиясын және Startup түсінігін және Crowdfunding платформасының жұмыс жасау қағидаларын сипаттау мәселелері қаралады. | 2/48 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
| ЖБП 3. Қазақ тілі | Лексикалық құрылымдарды қолданып, орфографиялық нормаға сай көтерілген мәселелер бойынша эссе жазу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу, әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдар арқылы шығармашылық жұмыстар, әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдау жұмыстары зерттеледі. | 3/72 |
| ЖБП 4. Қазақ әдебиеті | Әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіре отырып, шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу арқылы бағалау дағдыларын қалыптастырады. | 3/72 |
| ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті | Көркемдік шығармалардың мазмұнын түсіну және практикалық тапсырмалар әзірлеу арқылы сыни тұрғыдан ойлайтын оқырманды тәрбиелейді, шығарманың әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерін ескере отырып, идеялық және көркемдік мазмұнын талдай білуді үйретеді. | 4/96 |
| ЖБП 6. Шетел тілі | Оқу бағдарламасының ауқымы бойынша шет тіліндегі сөз әрекетін мәдениет аралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгертіп, нәтижесінде көптілдік және көптүрлі мәдениетті түсінетін тұлғаны | 4/96 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|--|---|-------------------------|
| ЖБП 7. Қазақстан тарихы | қалыптастырады. Әлемдік өркениеттегі Орталық Азия, ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін бағалау, Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер, этникалық процестердің сабақтастығын зерттеу, Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшелігі, қазақ хандығының құрылуы, қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктерін талдау мәселелері зерттеледі. | 4/96 |
| ЖБП 8. Өзін-өзі тану | Адамның білімге және шығармашылыққа деген құштарлығын негіздеп, жеке құндылықтар жүйесін анықтайды, жалпы адамзаттық құндылықтар арасындағы рухани байланысты аша отырып, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. | 2/48 |
| ЖБП 9. Дене тәрбиесі | Дене тәрбиесіндегі қауіпсіздік техникасын және салауатты өмір салтын сақтау қажеттілігін білу, дене тәрбиесі сабақтарында жеңіл атлетиканың қауіпсіздік ережелерін білу, орта және ұзақ қашықтыққа жүгірудегі жеке техникалық және тактикалық дайындықты меңгере отырып, дене қабілеттерінің дамуына ықпал жасайды. | 5/120 |
| ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін ұйымдастырудағы құқықтық негіздер және алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мақсаты мен міндеттерін, ұлттың қауіпсіздігіне төнетін қауіпті факторларды, әскери ант, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері рәміздері мен жарғыларының жалпы | 4/96 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
| | негіздері мен құқықтық ережелерін білу арқылы жауынгерлік дағдыларын қалыптастыру. | |
| ЖБП 11. Физика | Денелердің массасын және әсер етуші күштерінескермей, олардың қозғалыс заңдылықтарын және денеге әсер ететін күштердің әсерінен болатын қозғалысты түсіндіру, толық механикалық энергиямен импульстің сақталу заңдары кез келген өлшемді тұйық жүйедегі денелерге (микроәлем бөлшектерінен бастап ғарыш денелеріне дейін) қатысты орындалуын білу және термодинамикалық параметрлерді өзара байланыстыратын теңдеуді сипаттау мен электр тогын сипаттайтын шамалар туралы заңдарды біледі. | 6/144 |
| ЖБП 12. Химия | Атом құрылымының қазіргі теориясын және зат пен атом бөлшектерінің маңызды сипаттамасын және табиғаттағы радиоактивтіліктің және радиоактивті изотоптардың ыдрауының себебін түсіндіру, электрон орбитальдарын толтыру үшін минимальді энергия принципі, Паули принципі, Хунд ережесін, Клечовскидің ережесін қолдану, химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық жүйесін Заңның графикалық бейнесі ретінде білу мәселелері қаралады. | 6/144 |
| ЖБП 13. Дүниежүзі тарихы | Әлем өркениеттерінің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуі, әлем өркениеттері мен діндердің даму тарихын, ерекшеліктерін сараптау арқылы адамзат тарихындағы жаулап алушылық жорықтар, отаршыл экспансия және жаһандық мәселелердің себептерін, | 3/72 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|--|---|-------------------------|
| | байланысын бағалау, антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау, Антика дәуіріндегі империялардың, арабшапқыншылықтары мен крест жорықтарының және моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру арқылы пікір білдіруді үйренеді. | |
| ЖБП 14. География | Географиялық зерттеу әдістері, картография және геоинформатика, табиғатты пайдалану және геоэкология, геоэкономика, геосаясат, елтану, адамзаттың жаһандық мәселелері зерттеледі. | 3/72 |
| БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. | 2/48 |
| | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 1/24 |
| БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. | 1/24 |
| | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану. | 1/24 |
| БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. | 0,5/12 |
| | ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. | 0,5/12 |
| | ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. | 0,5/12 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|-------------------------|
| | ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | 0,5/12 |
| | ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау. | 1/24 |
| КМ 1. Объектіде одан әрі жұмыс істеу үшін өлшеу жүргізу және ақпарат жинау | ОН 1.1. Объектіде өлшеу жұмыстарын жүргізу. | 3/72 |
| | ОН 1.2. Объектіде өлшеу бойынша ақпаратты тіркеу және фото/бейнематериалдарды жинау. | 3/72 |
| | ОН 1.3. Объектіде одан әрі жұмыс істеу үшін өлшеу сызбаларын дайындау. | 3/72 |
| КМ 2. Дайындық көркем-дизайнерлік жұмыстарын орындау | ОН 2.1. Қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, көркем-дизайнерлік жұмыстардың негізіне арналған дайын элементтерден құрылымдарды жүйелі құрастыруды орындау. | 3/72 |
| | ОН 2.2. Әр түрлі материалдардан жұмыс беттерін көркем және дизайнерлік жұмыстарға дайындау. | 3/72 |
| | ОН 2.3. Әр түрлі мақсаттағы интерьерлер мен декор элементтерін безендіру үшін түстердің колористикалық таңдауын жасау. | 3/72 |
| | ОН 2.4. Фонды безендірудің әртүрлі әдістерін қолдану. | 4/96 |
| КМ 3. Заманауи технологияларды қолдана отырып, декоративтік элементтердің қарапайым үлгілерін жасау | ОН 3.1. Әр түрлі көркемдік әдістерді, материалдар мен техникаларды қолдана отырып қарапайым шаблондар жасау. | 4/96 |
| | ОН 3.2. Компьютерлік бағдарламалардың графикалық редакторларын қолдана отырып, | 4/96 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|-------------------------|
| | түпнұсқалық декоративтік элементтер мен қаріп композицияларының трафареттерін жасау. | |
| | ОН 3.3. Көркем шрифт композицияларын жұмыс беттеріне түсіру. | 4/96 |
| КМ 4. Көркем-дизайнерлік жұмыстарды орындау | ОН 4.1. Эскиздер бойынша және дизайнердің басшылығымен графикалық сюжетті кескіндеуді орындау. | 3/72 |
| | ОН 4.2. Әр түрлі технологияларды қолдана отырып, әртүрлі материалдардан көркем безендірудің көлемді элементтерін жасау. | 4/96 |
| | ОН 4.3. Дайын эскиздер мен сызбаларға сәйкес көлемді және кеңістіктік композициялар жинау. | 4/96 |
| | ОН 4.4. Көркем - дизайнерлік жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау. | 4/96 |
| Аралық, қорытынды аттестаттау | - | 6/144 |